

Әлемдік
философиялық
мұра

Классикалық емес
батыс философиясы

13



**«Мәдени мұра»
Мемлекеттік бағдарламасының
кітап сериялары
Қазақстан Республикасының
тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаевтың
бастамасы бойынша шығарылды**

**“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасының
кітап сериялары**

**“Мәдени мұра” мемлекеттік
бағдарламасын іске асыру жөніндегі
қоғамдық кеңестің құрамы:**

**Құл-Мұхаммед Мұхтар, төраға
Досжан Ардақ, төрағаның орынбасары
Асқаров Әлібек, жауапты хатшы**

Қоғамдық кеңестің мүшелері:

**Абдрахманов Сауытбек
Аяған Бүркіт
Әбусейітова Меруерт
Әжіғали Серік
Әйтімова Бірганым
Әлімбай Нұрсан
Әуезов Мұрат
Базылхан Нәпіл
Байпақов Карл
Биекенов Кеңес
Ертісбаев Ермұхамет**

**Кенжегозин Марат
Қасқабасов Сейіт
Қойгелдиев Мәмбет
Нысанбаев Әбдімәлік
Өмірбеков Байтұрсын
Салғара Қойшығара
Сариева Рысты
Сейдімбек Ақселеу
Сұлтанов Қуаныш
Таймағамбетов Жәкен
Тұяқбаева Баян
Хұсайынов Көбей**

**“Әлемдік философиялық мұра”
сериясының редакциялық алқасы**

**Нысанбаев Ә.Н. (төраға), Ж.Әбділдин, Т.Әбжанов
Қ.Әбішев, Қ.Әлжан (төраға орынбасары), Ғ.Есім
Т.Ғабитов, Д.Кенжетай, Ғ.Құрманғалиева, Ж.Молдабеко
(төраға орынбасары), С.Нұрмұратов, М.Сәбит, А.Тайжанов**

Әлемдік
философиялық
мұра

ЖИЫРМА ТОМДЫҚ

Классикалық емес
батыс философиясы

«Жазушы»

Алматы, 2006

ББК 87.3(0)

Ә 52

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

**Құрастырғандар
Г.Г. Соловьева, Б.Ғ. Нұржанов**

**Ғылыми редактор
Ә.Н. Нысанбаев**

**Сарапшы
С. Е. Нұрмұратов**

**Ә 52 “Әлемдік философиялық мұра”. Жиырма томдық.
13-том. Классикалық емес батыс философиясы. — Алматы:
Жазушы, 2006. — 528 бет.**

ISBN 978-601-200-008-5

Бұл томда ХХ және ХХІ ғасырдағы кеменгер ойшылдардың (Ф.Ницше, Э.Гуссерль, М.Хайдеггер, З. Фрейд, Ю. Хабермас, М.Шелер т.б.) ең маңызды шығармалары антологиялық принциппен жинақталған.

Делездің сөзімен айтқанда, классикалық емес философия Ницшеден басталады. Сондықтан осы томның беташарын Ницше шығармаларының үзінділері ашады.

Классикалық емес батыс философиясы өзара түсіністік пен келісім және үміт пен сенімі бар болашақтың көкжиегін жасауға мүмкіндік беретін, Батыс және Шығыс мәдениеттерінің классикалық емес шекарада түйісіп, адамзат өміріне өте маңызды болып табылатын мәселелердің шешілуіне жол ашты.

**Ә 0301030000-060
402(05)–06**

ББК 87.3(0)

ISBN 978-601-200-008-5 — (т. 13)

ISBN 9965-764-01-8

© “Жазушы” баспасы, 2006

АЛҒЫ СӨЗ

Классикалық емес батыс философиясы... Бұл қарапайым термин болғанымен, философиялық және мәдени екі дәуірдің арасындағы көрсеткіш болғандықтан жоғары мәнге ие екендігі сөзсіз. Классикалық философия ретінде анықталатын, яғни субъектінің метафизикалық басшылығына бағдарланған антропологиялық және аксиологиялық онтология қалыптасты. Қоршаған дүние қолдануға және билік жүргізуге тиесілі объект, ал адам өз күштерін табиғатты бағындыруға бағыттаушы субъект ретінде қарастырылды. Дегенмен уақыт өте келе, оның билік жүргізген қоршаған ортасы жаттанып, алшақтап, қас жауына айналды. Сондықтан дүр сілкіндіруші “Аты шулы ғылымның қайта қалыптасуы”, бейнеленуі мен жоспарлануы ақпараттық технология және интернетке дейін өзінің айтарлықтай даму сатыларынан өтті. Бірақ, адам үшін ең маңызды және құнды болып табылатын махаббат, адамгершілік, рухани құндылықтар ғылымда ерекше көрсетілмегендіктен, олардың құлдырауына алып келді.

Классикалық емес кезең, батыстық жобаның түбірлі терең дағдарысы байқалған кезден басталады. Адам техника мен ғылым майданында орасан зор жетістіктерге жете отырып, өзінің бақытты және қуанышты болашағына таңданыспен қарайды. Басқа қырынан алып қарайтын болсақ, ғылымның рухани құндылық мақсаттарынан ажырауы, оны адамгершілік пен адамзатқа деген сүйіспеншіліктің негізіне қауіп төндіретін және қорқынышты қарадүрсін күшке айналдырды. Бұл ой, С.Кьеркегор және Ф.Ницшеден басталатын классикалық емес нұсқадағы философияда көтеріледі. Олар батыстың дәстүрлі логоцентризмі және рационализміне қарсы шығып, батыстық принципті қайта құрудың жолын ұстанып, бір ауыздан қолға алды. Олар адамзатты және кемелденген бауырластық пен адамсүйгіштік түйінмен байланыстырушы “табиғи ғажайып” (Адорно) болып табылатын, адам-өлем тұтас қатынасын қайта қалыптастыруға ұмтылатын, Шығыс тұлғаларына оралады. Өздерінің рухани қайнарларын еске түсіретін, “Таң сәрісі” дәуірінің (Ницше) адамзат өміріндегі маңыздылығын

ескере келе, оны бірінші орынға қояды. Батыстың классикалық емес философиясы Шығыс пен Батыстың құрылымдық бірлігін іске асыра отырып, қайшылықты және дамытушы салтпен өмір сүреді. Батыстың ғылыми және техникалық жетістіктерінің арасындағы байланысын жоймай, руханилықтың сәулесі шығатын Шығысқа оралудың маңызын дәріптейді. Әрине, техникалық өндірістің бұл ғаламдық бірлігі және болмыстың құпия жақтарының бірін-бірі жетілдіруші үрдісі ретінде түсіндіріледі. Классикалық емес философияны өзіне дақ түсірген еуроцентризм мақсаттарынан бас тартуына байланысты, оны шығыстық батыс философиясы деп атауға болады.

Осы уақытқа дейін бізде, турасын айтқанда томға енгізілген мәтіндер, цензуралық бақылауда болды. XX ғасырдағы орыс философиясының ойшылдарына терең әсер еткен Ницшенің шығармалары, кейіннен “ерекше бақылаушылардың” қатаң қадағалауында болып, онымен тек ресми түрде рұқсат алған тұлғалар ғана танысу мүмкіндігіне ие боды.

Классикалық емес философияның авторлары болып табылатын, оларды мүмкіндігінше барлық жағынан жер-жебіріне жеткізіп өшкерелейтін “заманауи буржуазиялық философиясының сыны”, тақырыбына сай ғана жарияланымдар белгілі болды. Ғасырлар бойы жасалған қарқынды философиялық жұмыстар темір шымалдықтың артында қалды. Экзистенциализм, персонализм, философиялық антропология, герменевтика және т.б. көптеген философиялық мектептермен қатар философиялық білімнің табиғатын қайта қарастыру, батыстық астамшыл ниетті батыл өзгертуге өз күштерін жұмылдырады. Бірақ кеңестік тәртіп негізінде маркстік емес батыстық тұжырымның рухын ұстанған нағыз маркстік ілімнің мәні бұрмаланып, құлдыраушы күмәнді қағиданы қолдаған марксизмді ғана қолдады.

Қазіргі жағдайда заманның күрт өзгеруіне байланысты, ғылыми ақиқаттар өз орнын табуда. Қазақ философиясының қарқынды ізденісіне үндес келетін, идеялар мен тұжырымдар айтылатын, классикалық емес үлгідегі бай философиямен тәжірибе алмасуға және біз заманауи ойшылдармен сұхбаттастыққа түсу мүмкіндігі мен бақытына иеміз. Маркстік қағиданың құрсауынан босау, қазақ философияның және алғашқы философияның жасырын жақтарын ашып, оның тынысын кеңейте түсті. Шығыстық және батыстық, мұсылмандық және түріктік дәстүрлердің бірлігінің негізінде пай-

да болған бағыт, философияның барлық тарихын қайта қарастыруға орасан зор қуат беріп, өз бағытын айқындай түсті. Классикалық емес әлемнің ашылуы барлық философиялық дәуірді қайта қарауға мүмкіндік берді. Бұл ғылыми жетістіктер белгілі болғаннан кейін, батыс ойшылдарының мәтіндері қазақ, орыс және т.б. тілдерге қарқынды түрде аударылуда. Ұсынылып отырған томда ХХ және ХХІ ғасырлардағы кеменгер ойшылдардың ең маңызды шығармаларының үзінділері антологиялық принциппен жинақталған. Тағы бір айта кететін жәйт, бұл мұндай кітаптың қазақ тілінде тұңғыш рет жарық көруі болады.

Классикалық емес, ең батыл және бірегей философияны жасаушы, әулиелердің әулиесі, Фридрих Ницшенің (1844-1900) өмірі мен философиясы қайшылықты және қасіретпен қайғыға толы болды. Оның шығармасын алып қарайтын болсақ, “Асқан адам” және билікке деген ерік идеясы ұлтшылдықтың идеологиясы рухында түсіндірілді (сонымен қатар, Ницшенің шығармашылығының және “Заратустра” ілімінің неміс әскерілерімен дәстүрлі құрметтеуі, Гитлердің оларды ерекше бағалауы бекер емес). Басқа қырынан алып қарайтын болсақ, ХХ ғасырдың басындағы неміс ойшылы идеяларының орыс философиясына тигізген жемісті әсерін атап өтпеске болмайды. Әрине, заманауи философияның Ницшеден басталып өмір сүргені ерекше ескерілуі керек (Делез). Кеңестік тәртіп оның тек қана қайшылықты және қауіпті жақтарын ескеріп, Ницшенің еңбектерін сенімді және арнайы даярланған бақылаушылары арқылы жасырды. Оның аты бүкіл адамзаттық ақиқатты, құндылықтарды таптаушы ретінде, адамгершіліктің шегінен шыққан феномені деген түсінікпен теңестірілді. Дәлірек айтсақ: “Құлап бара жатқанды, итеріп жіберу керек” — деген үрей туғызатын қағидасын ұсынып, “Махаббатпен жасалатын барлық нәрсе, жақсылық немесе жамандық жағынан іске асырылады” — деген сияқты ойшылдың шығармасындағы басы-аяғы жоқ, айтқан сөздерін бөліп алып, барынша терістеуге ұмтылды.

Кейбір ойлар қағидаларымызға сай келмеді деп мәтіннен алып тастауымыздың тек қателікке алып келетіндігі даусыз және мұнымен келісе отырып, жағдайдың алдын алуымыз қажет. Делездің жазба мұрасына сүйенетін болсақ — Ницше барлық батыс мәдениетіне қарсы шыққан, ХХ ғасырдағы классикалық емес үлгідегі жаңа дүниетанымының негізін салушы. Ол өзінің философиялық жетістіктерін — бүкіл ба-

тыс дәстүріне қарсылығын көрсету арқылы танытты. Ницшені тек қана мәдени-әлеуметтік мәтінде және ешкімге ұқсамайтын, оның тұлғалық жағдайында ғана түсініп оқуға болады...

Ницшенің айтқан ойлары әлдеқашан орындалып қойды деген ойлар айтылуы мүмкін. Интернет және жаһандану дәуірінің адамдары “кезбе адамның және оның қараңғылығының” біз үшін қаншалықты қажеті бар деген ойдың пайда болуы сөзсіз. Дегенмен бұл қарсылық білдіруде негіз жоқ.

XXI ғасырдың басында Ницше ілімі ерекше қолдауға ие болуда. XIX ғасырда өмір сүрген ұлы неміс ойшылына деген қызығушылық — ендігі кезекте тек қалың оқырман арасында ғана емес, сонымен қатар академиялық ортада да қызу қолдау тапты. Құндылықты қайта қарауда бірінші кезекте, жақындап келе жатқан келешек апатының дүрсілі мен қауіпі белгісіз дүниетаныммен қатар оның бағытын анықтап, мәселені шешу үшін біздің Ницшеге оралып, одан бізді толғандырып жүрген сұрақтарға жауап іздеуге итермелейді.

Ницшенің мұрасын, оның тұжырымдаған мақсатына сай Шығысқа ұмтылуын түсіндіру қалың қазақ оқырмандары үшін өте маңызды және құнды болып табылатын дүние. Ол өзінің “Музыка рухынан трагедияның туындауы” деген алғашқы іргелі еңбегінде антикалық философияның қайнарларымен сусындаған батыстық мәдениетке мүлдем жаңа қырынан қарауды ұсынады. Ницше жасампаз болып есептелетін — дионистік және апполондық түбірлі екі бастаманы айта келе, мынандай тұжырым жасайды. Олар біздің уақытымызға дейін өз бетінше тіршілік етті, бірақ та күндердің бір күнінде ол екеуі одақтасып ғажап құбылыс болып табылатын ежелгі грек мәдениетін тудырды. Дионисизм — бұл шығыс, апполондық бастамасы — батыс болып табылады. Шығыс пен Батыстың бірігуі ежелгі грек әлемінің тіршілігінің негізін құрайды. Алайда, Сократ негізін салған бастама Декаданс, Дионис пен Аполлонды ажыратып жібереді. Логикалық сократизмнің алып доңғалағы қозғалысқа түсе келе, инстинкт пен сезімнің орнына толығымен рационалдық күш еніп, барлығы ақыл-парасатқа бағына бастады. Логоцентризм рухында жетілген батыстық өркениет, аталған жолға түсіп, дами келе мәдениет бойындағы өміршендіктің жойылуына алып келді. Осыдан келіп — керемет ғылыми жетістіктер, сонымен қатар махаббат, адамгершілік және руханилық жойылып, адам өмірі қасіретке толы болды. Ниц-

ше өмірдің толыққанды қуанышын іске асырушы – Дионис пен ақыл-парасаттылықты қалыптастырушы және өділдікті орнататын Аполлонмен одақтастығын қалпына келтіруді, шығыстың дионистік қайнар көздеріне қайта оралуды талап етеді. Бұл үндеу бүкіл классикалық дәуірдің өкілдеріне жетуінің нәтижесінде, олар өздерінің алдына жаһандық мәселе болып табылатын, Батыс пен Шығыстың құрылымдық бірігуін ұсынады.

Өткен тарихтағы адамзатқа, оның қайталанбас бейнесін, сәл де болса қайта жасауға қабілетті, ізі жоғалмаған толыққанды сөз бен сөйлемді тере отырып, Ницше жайында жазудан ешкім де жалықпас. Бірақ оның идеясы жайында өзінен артық ешкім де айта алмайды...

Классикалық емес философиялық ой барысының жоспарын іске асыруды, ең алғаш неміс ойшылы Эдмунд Гуссерль (1859-1938) қолға алды. Жарқын болашаққа сенуші және керемет математик, ол математикадағы ең қызығы философия екендігін аңғарып жоғары бағалады. Ойшылдың шығармасының негізгі тақырыбы сана болып табылды және бұл философиядағы классикалық емес бетбұрысты айқын көрсетеді. Батыс дәстүрі, бүкіл адамзат психикасының байлығын, танымға жеңдірді. Терең әдіскер және ғылым саласындағы жетекші философ Р. Декарт рухтанушы сананың тек анық және белгілі қалпын зерттеуді талап етті. Бейсаналы жан трансперсоналды ессіздік пен түстің тәжірибесі ерекше шекарада қалып қоя беруде. Рухтанған сана, заттық әлем сияқты себептілік пен қызметтілік, кеңістік пен уақыттың жалпы заңына бағынуға тиіс болды. Алдағы уақыттың бір сәттерінде, бейсаналықтың шексіз құрлығы байқалатын, З. Фрейдтің ілімін аңғартады. Дегенмен, дамытушы және алға қозғаушылардың қатарындағылардың бірі, сананың онтологиясын ашқан, феноменологияны қалыптастырушы Э. Гуссерль болды. Феноменология өзінің айқын көрінісін батыс мәдениетінің кеңістігінен тапты. Ойшылдың игілікті ықпалымен тек ғылым ғана емес, философия, өнер, театр, көркем кескін де, әдебиет те болды. Әлі күнге дейін, өзінің халықаралық орталықтары және ғылыми баспалармен жемісті шығармашылығының бірі болып табылады. Э. Гуссерльдің оның Ливен (Белгия) архивіндегі еңбегімен толтырылған, “Гуссерльдік” жаңа томдар күн санап жарық көріп жатыр.

Оқырмандар үшін феноменология әзірше философияның толық ашылмаған және ең қиын аумағы болып табылады.

Дегенмен ғылыми қорғау жұмыстарындағы қолданған әдістерді тізіп көрсетуде, феноменология әдісі аталып, кең қолданылды, алайда автор оның мәні неде екендігін толық түсінуге ұмтылмайды. Бұл жағдайда, бір жағынан, өзінің заманауи философияға көрсету ниетімен байланысты болса, басқа жағынан алып қарайтын болсақ — философиялық талдаудың феноменология техникасының күнделілігімен аңғарылады. Э. Гуссерльдің “Философия — қатаң ғылым” деген іргелі жұмысының қазақ тілінде жариялануы, көрсетілген мәселені белгілі бір деңгейде шешуге мүмкіндік береді. ХХ және ХХІ ғасырлардағы зиялы ғалымдар мен ойшылдарды толғандырған, феноменология дегеніміз не деген сұраққа мүмкіндігінше қысқаша және түсінікті анықтама берелік. Жоғарыда аталып өткендей, Э. Гуссерль Р. Декарттың ізіне ере отырып, керек болса кейде Р. Декартқа қарамастан “феноменологиялық редукция” деп аталатын алғашқы іс-әрекет барысында пайда болатын көзқарасқа өдеттен тыс болып көрінетін Э. Гуссерльдің ілімі адам санасының қасиетін жаңа қырынан танытатын көзқарас болды. Атап кететін бір жайт, өзі оны анықтаған рухани әрекет ретінде іске асырғанымен, кемеңгер ойшыл бұл жүйелі істі теориялық жағынан бейнелеп түсіндірмейді. Э. Гуссерль адамзат бүкіл қоршаған әлемді, оның заттары мен өмірлік мәнділігін, біздің барлық ойларымыздағы бейне және сезімдерді, ұстанымдарды және тілектерімізді біз “жақшаға аламыз” немесе мүлдем “шығарып” тастаймыз дейді. Шындығында да бұл Р. Декарттың жан-жақты күмәнданушылығы батысшылдықты көрсетіп тұрғандай. Дегенмен, күтпеген қозғаушы жаңалықты табу гипердекарттық тапсырма.

“Әлемнің объективті” тәртіптері мен ырғақтарынан шығатын сананың көшірмесінен және өзінің қалыптасқан көзқарасынан бас тартып, аталған тәртіптерді нық тығындалған өмір заңдылықтарының қабатынан ажырату даусыз қиынға соғады. Әлемді нақты шындық ретінде шығарып тастауға болғанымен, бірақ оның эйдос ретіндегі қызметін алып тастауға болмайды. Ол, әрине, бұрын трансцендентальды субъектінің танылмайтын онтологиялық аумағында ашылады. Көрсетілген мәселеге байланысты, өткен тарихта көрсетілмеген, шығыстық медитация тәжірибесі бойынша индивидуалды сана-сезімге терең ену барысында туындайтын абсолютті бейнесінен ұқсастықты байқауға болады.

Э. Гуссерль өзі ашқан жаңалығына замандастарынан бұрын, ойшылдың да таңданысын тудырды. Трансцендентальды сана сезім, заттылыққа тән емес, ол өзіне тән заңдарды ашады. Уақыт ұғымы мұнда нүктелік бір ізгілікке алып келмейді, бірақ бүкіл уақыт ағымын қамтыған әрбір сәттен құралған тұтас ағым болып табылады. Сананың онтологиясы, ішкі — сыртқы, мән — құбылыс заңдылығына бағынбайды. Абсолютті санада мәнді тікелей түсініп, менгеруге мүмкіндік пайда болады. Адам құдай сияқты: “барлық нәрсені жанама символдандыратын және математикаландыратын әдістерсіз, дәлелдің және ой қорытындының қатысуынсыз”, феномендерді құбылыстың және мәннің бірлігі ретінде қабылдай алатын болды. Феномендер жай ғана танылып қоймайды, сонымен қатар олардың мәні бастан кешіріледі. Жаратылыстың қалыптасқан заңдылықтарына бағынышты, орындалып жатқан құбылыс, сананың үстіртін қабатындағы үйреншікті жүйелі іс-әрекетіне ұқсас емес, сананың абсолютті аймағында әдеттен тыс жүріп жатады. Дақ түспеген абсолютті сананың шеңберінде барлық оқиға мәнге ие болып және бастан кешіріліп, олардың мәнін тура “қарастыруға” мүмкіндік береді. Шектеуші ғылыми әдістен босау, дүниенің сырын ұғуға жол ашып, ғылым үшін жаңа идеалды әлемді құрудың таңқаларлық көкжиегі ашылады. Аталған дүрсілкіндіруші жоспар, әзірше мақсатты түрде жобалану үстінде. Э. Гуссерльдің идеясы, психологияға, этикаға, эстетикаға, әдебиетке, құқыққа, әлеуметтануға, дінтануға және тарихқа еніп, мықты мәдени қозғалыс тудырды. Философиялық көзқарастары бойынша, оның жақын серіктестері Мартин Хайдеггер және Макс Шелер болды. Сонымен қатар, өзінің қайталанбас тұжырымдамасын жасаған және пікір таластырып, сынап отырғандар да солар болды.

Феноменологияның ірі өкілдерінің бірі ретінде мойындалған француз ойшылы Морис Мерло-Понти (1908-1961) жоғарыда аталған ілімге экзистенционалды мән береді. Мерло-Понти қазақ философиясының дискурсында өлі аты шыға қойған жоқ, дегенмен алғыр жастар оны Интернет беттерінен оқып танысуда. Г. Марсель, Ж. П. Сартр, Э. Мунье, Э. Левинстің замандасы бола отырып, ол өзінің көрегендігі мен қырағылығы арқасында тым алға “постмодернизмнен” кейінгі дәуірге аяқ басты. Қазіргі заман талаптарына сай келетін Мерло-Понти, философия, ғылым, әдебиет, театр, кино ара-

сындағы шекараны барлық қырынан, барынша жойып, біртұтас қарастырады. Ол Ньютон, Ампер, Эйнштейн жайындағы кітаптың авторы, молекулярлық биология, кванттық механика, гештальт психологисы сияқты салалардың білгір маманы. Бальзак, Пруст, Валери сияқты ұлы ғалымдармен диалогын өзінің философиялық жұмысына қосады. Ол ізі жоғалған сөз және байланыстырушы қызметтік тілден қаша отырып, өз ойын қағаз беттеріне өткір түсіруінен адам бойында оның шығармасынан таңғажайып сезімдер туады. Ойшылдың ұмтылатын нәрсесі оны адамды әлемнің құшағына әкелетін, шығыстық түсінікке жақындата түседі. Мерло-Понти батыс мәдениетінің құлдырап бара жатқандығын алдын ала өткір сезіне білді. Оның көз алдында ақпараттық қоғамның шоғырланған тізбектері пайда болады; шындыққа ұмтылыстың жоғалуы салдарынан оның орнына, сарапшыдан көшірілген көшірмелердің жалған ойындармен алмастырылып, ақиқат болмысқа деген қатынас жоғалады. Шынайы табиғаттың бейнелері жоғалып, көк аспан — Интернет беттерінде елес ретінде орын алуда. Сондықтан жанашыр философтар, философияның асыл мұраттарын іске асыруға шақыруда. Осыдан келіп, оның мақсаты — болмыстың “рефлексивтіге дейінгі” аумағына оралып, шынайы, өміршенді, көрікті әлемді құтқару болып табылады. Мерло-Понтидің “Көрінетін және көрінбейтін” — атты ең танымал философиялық және детективтік жұмысында, ол өткен философтарға таныс емес интерденелік және “әлем денесі” тұжырымын жасап, сол терминдерді қалыптастырады. Өзінің негізгі жаңалығы ретінде, болмысты ұғынудың жаңа заңын негіздеп ашумен байланыстырады.

Кеменгер философ өзінің айналасын бір сәтте көре алу мүмкіндігіне ие және заттар “оның кеңістігінде сыртқы және ішкі жағы да ұмытылып”, біртұтас сұйықтықты қалыптастырады, және де адам оның ықпалыменен ақиқат болмысқа енеді. Ендігі кезекте ішкі және сыртқы, құбылыс және мән; субъект және объективтілік деген мүлдем жоғалады. Дүниенің құрылымында осы уақытқа дейін өмір сүрген және осы сәтте өмір сүретіндердің, барлық тарихи және мәдени тәжірибелері мен тіршілік еткен мыңдаған ұрпақтардың рухани дүниелері, ойлары, мақсаттары, көзқарастары түйіседі. Мерло-Понти болмысты болмыс жайындағы ойға айналдыратын, батыстық ақаудан алып шығатын және болмыспен

одақтастықты жоғалтпаған Шығыспен сұхбаттастыққа шақырады. Сондықтан оның философиялық жазба мәнерінің шығыстық және қазақи философиялық ойлау үлгісіне жақындығы өте айқын байқалады.

Классикалық емес дискурстың ірі өкілдерінің бірі, іргелі онтологияның негізін салушы неміс ойшылы Мартин Хайдеггер (1889-1976) болды. Кеменгер ойшыл өзінің философиясын Шығыс пен Батыстың, Еуропа мен Азияның арасын жалғаушы көпір ретінде есептеді. Және де рухани жағынан шығыстық мінез құлыққа жақын келетін, баламалы онтологияның жобасын жасау мен батыстық метафизиканы қайта жасап шығаруда ұлы философтың алатын орны мен қызметі ерекше екендігі даусыз. Ал Хайдеггердің “Болмыс және уақыт” (1927) деген негізгі еңбегі, жаңа философиялық дәуірдің басым мақсаттарын айқындап берді. Бірақ Кеңестік уақыттан кейінгі оқырмандар үшін ұзақ уақыттар бойы белгісіз болып келді. XX ғасырдың тағдырындағы шешуші кітап аздаған жылдар бұрын ғана аударылып жарық көрді. Қазақстандық философтарда М. Хайдеггерге сілтеме жасалып, оның аты айтарлықтай абыроймен айтылуда, бірақ отандық философияда оның тұжырымы әзірше терең талдауға ие болған жоқ.

М.Хайдеггер батыстық метафизиканың ұмытылуына байланысты, “болмыс және болмыстың мәні жайындағы сұрақтарды жаңартады”. Әрине, бұл сұрақтар қайшылықты, онтологиялық және экзистенциальдық. Бір қырынан алып қарайтын болсақ, біз болмыстың бар екендігін айта отырып, өзіміздің алдын-ала жауабын білетіндігімізді көрсетеміз. Екінші жағынан, алып қарайтын болсақ, “біз болмыстың түсінігімен өмір сүре отырып, оның мәні бізден қараңғы жақта жасырылынғандығын және болмыстың сырын толық аша алмайтындығымызды аңғарамыз”. Жоғарыдағы аталған ұранмен М.Хайдеггер тұжырымдары, субъект — объектілік қарама-қарсылыққа негізделген онтологияның батыстық үлгісін деструкциялай (дамудың белгілі бір нүктесін таба отырып, дәстүрді сілкіндіру) отырып, адам-әлем біртұтастық қатынасын қайта қалпына келтіруді ұсыну арқылы Шығысқа жақындай түседі.

М. Хайдеггердің философиялық жазбалары терең мәнге ие және ерекше таңбаланған. Оқырмандарға жеңіл көзқараспен қарамайды, дегенмен түсіну үшін қажырлы күшті қажет ететін, сонымен қатар қиынға түсетін жолмен түсіндіруге

және түйсіктік қажеттіліктердің ығыстырылуынан пайда болатын жүйке жүйесінің ауруының салдарынан, ақыл-парасаттылықтың қалыптасуына және өнер арқылы қысылып шығатын сублимацияға ол алып келеді. Сонымен мәдениет қайшылыққа толы болып шығады: ол адамның табиғи бастамаларына басымдылық танытып, ығыстырумен қатар, даму жолын айқындап береді.

З.Фрейд ғылыми тұрғыда адам дүниесінің түкпірінен бейсаналылықты шығарып алып, саналылықты көз алдына шығару үшін, барлық амалын жасады: яғни “Ол (оно)” болған аймақты барынша “Мен” аймағына көшіруге өрекет жасау. Демек бейсаналылық пен саналылық бір қабатта түйіскен сәтте олардың қарама-қарсылықтары шешілуі қажет. З.Фрейдтің толық негіздеулерге ие терістеулерінің мәні мынада: Ол адамның бойындағы басты рухани мақсаттарды мойындамай, адамның табиғатын биологияландырады. Адам өз бойындағы тұлғалық жауапкершілік пен тәуелсіз таңдауынан айырылған, түптеп келгенде оның себебі барлығын бейсаналылықтың басқаруынан туындайды. З.Фрейдтің келесі бір айта кететін іргелі жетістігі — сексуальдылықтың теориясын жасау болып табылады. Бұл тақырыпқа байланысты батыс әдет-ғұрпы бойынша “егерде келісіліп бекітілген нәрсе барлық жағынан жабық болса, демек ол тіршілік етпейді” — деген қағидаға сүйене отырып, табандылықпен қарсылық көрсетеді. З.Фрейд өзінің зерттеу логикасына сүйене отырып, өз назарын рұқсат етілмеген аймаққа аударуының салдарынан, академиялық ортада және өзінің жақын ортасында қарсылық пен наразылық тудырады. Біздің бұл жайға тоқтала кетуіміздің себебі, З.Фрейдтің сексуальдылық тақырыпқа байланысты теориясы қайшылықты пікір талас тудырып және оның ілімінің бұрмаланып, теріс түсіндірмелердің пайда болуымен байланысты. Ұсынылған томда, қазақ оқырмандары бейсаналылық теориясының негізгі сырларын ашатын және психоанализдің негізі болып табылатын: “Мен және Ол”, “Ләззат алу ұстанымының арғы жағы” — еңбектерінде көрсетіледі.

З.Фрейд тұжырымына жақын келетін және оның ізбасары, швейцариялық психолог және мәдениеттанушы Карл Густав Юнг (1875-1961) кезінде бейсаналық табиғатын қайта қарастыруды іске асыруы нәтижесінде психоанализ аналитикалық психология кейпіне ие болды. К. Юнг ұстазының

пансексуализмі мен догматизміне қарсы шыға отырып, шығыстың медицинасы мен философиясына өз назарын табандылық таныта отырып аударады. Астрология, оккультизм, парапсихология, йога сияқты барлық бағыттардың басын біріктіруші, аналитикалық психологияны қалыптастырушының зерттеуінде негізгі қозғаушы күшке айналды. Бұл жағдайдан кейін бейсаналылық жайында түсінік басқа деңгейге көтерілді. Жеке индивидтің психологиясында ешқашан болмаған, бірақ жалпы мәдениет бойындағы құндылықтарға сай келмеуінің нәтижесінде ығыстырылып шеткері шығарып жіберетін құбылыстан туындайтын, психологиялық жағдай, яғни адамның психикасына белсенді түрде әрекет етіп қалыптастырушы индивидуальды бейсаналық болып табылады деген тұжырым бойынша К.Юнг пен З.Фрейдтің ойлары түйіседі. Сонымен қатар К.Юнгтың айтуы бойынша, жеке адамның тәжірибесінде ешқашан кездеспеген және оның өзінің өмір сүруімен ешқандай байланысы жоқ, бейсаналылықтың басқа қабаты бар. Бұл ұжымдық бейсаналылық, адамдардың қайда өмір сүретіндігіне және олардың менталитетінің қандай да бір ерекшелігіне қарамастан, барлық ұлттардың өмірінің психикалық қабаты, тірегі және негізі болып табылады.....

Ұжымдық бейсаналылықтың мазмұны архетип деп аталатын ұғым арқылы айқындалады. Термин нақты бір кейіпкерлердің көрінісіне немесе идеалдардың (құтқарушы немесе батыр) үлгілік жағдайының бейнесінің көрінісімен мәңгілік, әйтпесе өмір бойы азап шегуші бейнесіндегі бейнелер мен үрдістерді білдіреді. Шығыс пен Батыстың қарама-қарсылығы, жер — Ана (Шығыс) және аспан — Әке (Батыс) ретіндегі сияқты архетиптік бейнелерде көрініс табады. Әр ұлттың мәдениетінде архетип мифтің жүйесі ретінде анықталып, ұлттық үлгіге ие болады. Оқырман қауым К.Юнгтың “Архетип және символ”, “Йога және Батыс” атты еңбектерінің үзінділерімен танысады.

Франкфурттық мектеп классикалық емес философиялық бағыттың негізгі ықпалдыларының бірі болып табылады. Бұл бағыт бәрінен бұрын маркстік емес философия ретінде танымал. Сондықтан оны Кеңес уақытында жоққа шығаруға тырысып, барынша сынап-мінеп жазды. Істің шын мәніне тоқталатын болсақ, франкфурттықтар (XX жүзжылдықтың 30 жылдарындағы франкфурттық Институттың әлеуметтік

зерттеу аумағына бір топ зиялыларды біріктірген) өз алдына адамзат үшін игілікті мақсат қоя білді: К.Маркстің теориясына сүйенумен қатар, Хайдеггер мен З.Фрейдтің идеясын негізге ала отырып, ХХ ғасырдағы адамзаттың ең қайғылы оқиғаларын, оның әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірін барлық жағынан тұтастай алып, қайта қарастыруды көздеді. Сонымен бірге теориялық ой барысы әлеуметтік зерттеулердің мәліметтеріне байланысты іске асырылды. Дегенмен көпшілікті үміт-тендіретін жоспар толықтай өз мақсатының шеңберін қамти алмады. Ұлтшылдардың заманында ғалымдар алғашқыда Еуропаға, сосын Америкаға көшуге мәжбүр болды. Сол себептен олардың ілімі екі құрлыққа өсер ете алды.

Америкадағы неміс ойшылдарының көпшіл мәдени жағдаймен немесе әлеуметтік жобалардың тапсырысын орындаумен өзінің өмірін қамсыздандыруды қажет ететін “мәдени индустрия” толық іске асқан үрдісі алғашында үрей туғызды. Мұнда Макс Хоркхаймердің (1895-1975) және Теодор Адорноның (1903-1969), неомарксизмді тарихи талдау негізінде батыс мәдениетінің онтологиялық негіздерін тұтастай сынау бағытын айқындайтын “Ағартушылық диалектикасы” атты көлемді шығармасы жарық көрді.

“Ағартушылық диалектикасы”, батыстық мақсатшылдықты түбірімен трансформациялауға шақырушы “дәуір ұраны” ретінде қабылданатын болды. Жер аударылған ғалымдар, гитлеризмнің жан түршігерлік әрекеттерінен үрейлене отырып, бүкіл адамзатқа шығармашылықтың қайталанбас рухын сыйлаған Германия баскесерлерінің өзінің миллиондаған құрбандарына: “ертең сен мына мұржаның түтінімен шығатын боласың” деген келемеждеудің және т.б. зұлымдықтардың себебін түсіну үшін басынан бастап тарихты қайта қарастыруға бел буды. Франфурттықтар бүкіл батыс тарихын және дәстүрлі бағытын, билік етуге мақсатшыл ұмтылыс ретінде түсіндірді. Осыған байланысты олар екі негізгі бағытты бөліп қарастырады. Біріншісі — адамның тірі қалу үшін магия мен сиқырлыққа табынуға мәжбүр болған сәттегі табиғаттың адамға билік жүргізуі. Екіншісі — адамның еңбегімен ере жүретін, оның интеллектуалдық және технологиялық ақыл-парасаттылығы арқылы табиғатқа билік жүргізеді. Бұл кезеңді олар ағартушылық дәуірі деп атай отырып, оның олимпиялық мифологиядан бастап заманауи

индустриалдық қоғамға дейінгі тарихи уақытын белгілеп шығады.

Ағартушылық диалектикасының мәні ғылыми жаңалықтарды ашу барысында техникалық жетістіктерге жетіп, адам өміріндегі табиғатқа — билік жүргізу принциптері басымдылық жасайтын мақсаттарға бағдарланады. Сол сәттен бастап адам жай ғана көзге “кемел” болып көрініп, табиғатты өзіне бағындырып, аянбай тұтынуда. Керек болса адамның жаратылысынан берілетін өлу құқығының өзі жатталынатын Освенцимде билік жүргізу тарихта мәңгі теріс түсініктемеге ие болып, іске асырылуына өкініш білдіре келе Адорно мына бір өшпес қанатты сөзді айтты: “Освенцимнен кейін өлең жолдарын жазу мүмкін емес”...

Сондықтан “Ағартушылық диалектикасы” мектебінің өкілдері қойған жаһандық сұрақтар жауап іздеуге итермелейді. Әрине, уақыт өте келе әр ғалым өзінше қайталанбас жоба жасады. Жоғарыда аталған мектепте 50-жылдары басшылық еткен Адорно (оның алдында басшылық еткен Хоркхаймер болды) Германияға оралғаннан кейін, соғыстың салдарынан туындаған жағдайды шебер үндестікпен айқындай біліп, өзінің саяси алғырлығының арқасында ең ірі мәдени қайраткердің біріне айналды. Ол өзінің шын мәнінде нақтылы жағдайды ұшқыр сезінген және қайталанбас адам екендігін көрсете білді. Адорноның “Терістеуші диалектикасында” өзінің музыкаға және музыка әлеуметтанушысы ретіндегі дарындылығына байланысты Бетховен, Малер, Берг жайында жаза білді. Сонымен қатар ол, Кафка, Беккет, Манн, Хакслилердің өдебиеттегі эстетикалық және мәдени көзқарастарын зерттеді. Ұлы ойшыл Карл Поппермен пікір таластыра отырып, әлеуметтану бойынша көлемді еңбегін жарыққа шығарады. Атақты философтың еңбегінің салмақтылығын Кьеркегор, Гуссерль, Хайдеггер философиясына байланысты жазылған шығармаларын көптеген неміс университеттерінде оқытылуының өзі де айғақтай түседі. Адорно тек ғылыми жетістіктермен шектелмей, радиода сөз сөйлеп, газеттерде кеңінен жарияланды. Нәтижесінде терістеуші және сыни идеялар жүрегінде оты бар жастар жағынан үлкен қолдауға ие болды. Сол уақыттағы жаңадан пайда болған солшылдар ұлы философ Адорноны өздерінің рухани тірегі және басшысы деп есептеді. Дегенмен кеменгер ойшылдың көздеген мақсаты көшедегі көтеріліс емес еді. Оған айғақ ол сотта өзінің студенттеріне куәгер ретінде қарсы

шығып, іс жүргізу барысында, өзін кінәлі қылып шығарды. Болған оқиға ұлы ойшылды үлкен қасіретке әкеп тіреді.

Ойшылдың ең басты еңбегі болып есептелетін “Терістеуші диалектикаға” тоқталатын болсақ, ол шын мәнінде, билік жүргізу мақсаттарын жеңе отырып, керітартпа әрекеттерге байланбаған, ашық, тәуелсіз, жасампаз ойды қалыптастыратын философиялық жобаны іске асыруға ұмтылды. Адорноның түпкі ойы қайшылықты: бір жағынан, теориялық ой барысы ақылға қонымды болғанымен, екінші жағынан, ол жүйесіздендіреді. Яғни, негізгі идеяларды айта отырып, оларды “талдаудың үлгілік бірлігінде” іске асырды. Мұндай ақыл-парасаттылықтың үлгісін жасау, “ойлау мүмкін еместі ойлауды”, “айта алмайтынды айтуды” және “таным құдіреттілігін” сезінуді білдіретін, Освенцимдегі қиянат шеккендердің қасіреті мен күйзелісін “түсіну аралығына” шығуға мүмкіндік берер еді. “Терістеуші диалектика”, “Ағартушылық диалектикасы” ретінде заманауи мәдениеттегі жағдайда өзінің ықпалын жасады, әлі де жасауда. Аталған іргелі еңбек жақында ғана орыс тіліне аударылып, өзінің ғылыми кеңістігін кеңейтуде. Көрсетілген еңбек өзінің маңыздылығына байланысты, тұңғыш рет қазақ тілінде де жарық көруде.

Ендігі кезекте франкфурттық мектептің көрнекті өкілі, американдық-неміс философы және әлеуметтанушысы — Герберт Маркузе (1898-1979). Философ өзінің өріптестерімен бірге көп уақыт Франкфурт мектебінің мақсат-мұраттарының идеясын қалыптастыруға аянбай тер төкті, дегенмен уақыт өте келе “Ағартушылық диалектикасы” жарыққа шыққаннан кейін, сыни теорияны экзистенциализм және психоанализбен біріктіруге ұмтыла отырып, өзіндік жолды таңдады. Алда қалың оқырман қауым, заманауи адамға көпшіліктің қысым көрсетуіне байланысты оның қоғамдағы сыни қатынасының құлдырауы мен жойылуын айқындайтын Г. Маркузенің “Бір өлшемді адам” деп аталатын көлемді кітабынан алынған үзінділермен танысады. Айта кететін таңқаларлық жайт, адам бейсаналылықтың денгейінде емес, сананың денгейінде толығымен жалпылық билігіне бағынады. Мұндай жағдайда, қоғамдағы “мәңгілікке біріктірілген” және “еріксіз” байланғандар үшін, қаншалықты ақылға қонымсыз және сандырақ болмасын, терістеуші күш ішкі дүниесінен емес, тек қана сырттан келуі мүмкін. Болашақ асыл мұраттардың идеясы тек ерекше ерік жігер логикасы арқылы іске асуы мүмкін. Құлдыраушы мәдениеттің тоқы-

рауынан шығатын “таза сана-сезім” шешуші қызмет атқарады. Сонымен Г.Маркузенің “жаңа солшылдар қозғалысына” басым ықпалдығын жасады.

Франкфурттық мектептің көрнекті өкілдерінің бірі Юрген Хабермас (1929 жылы дүниеге келген) болды. Философия тарихын зерттеушілер ойшылды франкфурттық мектептің орта буынына жатқызады. Ю.Хабермасың шығармалары әрқашанда философиялық аудиторияның қызығушылығын тудырып отырды, бірақ Ю. Хабермас онымен шектелмей халықаралық конгрестерде белсенді түрде сөз сөйледі. Философиялық мектептердің ішіндегі негізгі өкілдерінен тек Ю.Хабермас постмодернистік дәуірге “жетіп”, өзінің ең заманауи идеяларын енгізді. Көпке танымал ойшыл, философиялық мектептің үздіксіз пікір таластырушысы, аналитикалық философияға орала отырып, “коммуникативті ақыл-парасаттылық” тұжырымының негізін қалады. Философ зерттеу жұмысының барысында өзара қатынастың екі негізгі үлгісін шығарады: стратегиялық және коммуникативтік. Бірінші үлгіде, өзара түсіністікке ұмтылмай, “қызығушылықтың” орындалуына ғана бағдарланады. Ал екінші үлгіге тоқталатын болсақ, бұл қатынас өзара түсінушілікке бағдарланғандықтан, тұлға аралық қатынастың қалыпты ортасының қалыптасуына алып келуі мүмкін. Ғаламдық деңгейде келісім мен өзара түсіністік қалыптастыру қазіргі кезде алдыңғы қатарлы мәселе болып тұрған сөттегі дәуірде Ю.Хабермасың идеясы маңызды екендігі сөзсіз.

Батыс онтологиясы, мәдениеттер, әлеуметтік құрылым, ой барысының әрекеттері, саналылық пен бейсаналық үлгілері адам мәселелерін үздіксіз айқындап, өңдеп шығарумен бірге қайта қарастырады. XX ғасыр шеңберінде және оған дейінде адам өз-өзіне құпия екендігі нақты аңғарылды. Адамзаттың өміріндегі маңыздырақ мәселелердің ашыла түсуіне байланысты, философиялық антропология, персонализм, экзистенциализм сияқты бағыттарда, заманауи адамның жаңа бейнесі көрсетіледі. Ұсынылып отырған томда заманауи философиялық антропологияның негізін салушы, немістің ұлы ойшылы Макс Шелердің еңбектерінен үзінділер берілген (экзистенциализмге арналған жеке томнан толығырақ мәліметтер алуға болады).

Макс Шелер (1874-1928) — феноменология әдістерімен аксиология, этика және дінді негіздеуге ұмтылған. Э.Гуссерльдің ілімін қолдаушы шәкірті болды. Сонымен

қатар М.Шелер өзінің бойындағы философиядан және ғылымның барлық саласынан алынған білімді біріктіретін, адам жайындағы тұтас ілімді, заманауи философиялық антропологияның басшылыққа алатын мақсаттарын өңдеп шығарады. Осы уақытқа дейін біздің түсінігімізде адамның шығу тегі және мәні жайында ортақ ойдың жоқтығын және ол өзіне таныс емес құдіреттің “құпиясы” ретінде қалып қоя беретіндігін, кеменгер ойшыл танданыспен ескере отырып, өкінішін білдіреді. Ғұлама ойшыл біз жоғарыдағы мәселенің орнын толтырудың орнына, бірін-бірі теріске шығарушы және қайшылықты тұжырым болып табылатын теологияға немесе гректерге, шығысқа болмаса Ч. Дарвин іліміне құлақ асамыз. М.Шелер адам жайындағы әмбебап және ғылымның негізі бола алатын ортақ идеяны қалыптастыруға болатындығына толық сеніммен қарайды. Демек ойшылдың түйіндеуі бойынша, өсімдікте және жануар сияқты адамда да жан бар дей келе, тұтас органикалық көзқарасты қолдайды. Дегенмен айтылған ойдың шын мәнін және рухани мақсатын көтере білу, тек кеменгер философтың өзіне ғана тән қасиет, және оның өміршең шығармалары да сол қуаттың кепілі екендігі сөзсіз. Сондықтан философтың алдында, адамзат өмірінде маңызды орын алатын рухани тапсырма тұратын болса, өзінің тек табиғи және әлуметтік қана емес, сонымен бірге табиғаттан да жоғары, қоғамдық және трансцендентальды тәуелсіздігін дәлелдей отырып, жеке өмірлік қажеттіліктерінен бас тарта алады. М. Шелердің адам жайындағы ілімі, рухани басымдылықтарды мойындау барлық адамзаттың болмысымен қатар өмірін сақтап қалуының кепілі болып тұрған дәуірде, оның маңыздылығы сөзсіз.

Классикалық емес философияда тіл мәселесі айқындаушы ретінде ерекше орын алатын бағыт. Батыс дәстүрі бойынша, тіл ойды білдірудің құралы және үлгісі ретінде қабылданады. Мәдениеттегі жағдайдың өзгеруі, ақпараттық коммуникативтік технологияның пайда болуы, мәдениет бойындағы тілдің мәні мен қызметін қайта қарастыруға алып келді. Тілдің бір өзіне тән ақиқат дүниесі ашылып, постмодернистер үшін батыс дәстүрін деконструкциялаудың негізгі құралына айналды (толығырақ постмодернизм философиясына арналған томнан табуға болады).

Классикалық философияның кейбір бағыттарында тіл негізгі мәселе ретінде қарастырылады. Нақтылай түсетін болсақ, аналитикалық философия, бәрінен бұрын американдық-

ағылшындар арасында қолдау тауып, ғылым тілін талдау өздерінің алдына қойған келелі мәселе деп білді. Аталған саладағы ойшылдар философиялық мәселе тек қана тілдік талаптарды ескере отырып, адамзат тарихы мен философияны қайта қарастырған сәтте ғана шешілуі мүмкін деп есептеді. Дегенмен уақыт өте келе, аналитикалық философия классикалық емес үлгіде, герменевтика және постмодернизммен жақындаса түсіп, өзінің заңдылықтарын өзгертеді. Философияда бұл арнаны бөрінен бұрын негізін салушы, австриялық ойшыл Людвиг Витгенштейн (1889-1951) болып есептеледі. Философ Бертран Рассел сынға алғанымен, атақты ұстазына арналып жазылған, кеменгер ойшылдың ең алғашқы хрестоматиялық жұмысы “Философиялық және логикалық трактатында” – Витгенштейн философия және ғылым тілін көңіл-күй қажеттіліктерінен, сезімдерден және өмірлік жағдайға байланысты “пайдакүнемшілдіктен тазартуға” ұмтыла отырып, позитивизмнің логикалық мақсаттарын жасап шығарады. Логикалық құрылыммен сай келетін грамматикасы бар, мінсіз тілдің бейнесі Витгенштейннің ғылыми мақсат-мұратына айналды. Әрбір тілде аталған мақсат-мұрат үлгіге жақындай түскен сайын, соншалықты оны жетілген деп есептеуге болады.

Дегенмен, Витгенштейн классикалық ілімнің шекарасынан өте отырып, өзінің талаптарының тек қана ғылым “саласының” дамуына жауап беруімен шектелетіндігін аңғарады. Демек адам үшін ең маңызды және құнды нәрселер ғылым жетістігінің асқарынан тыс болып қала беруде. Витгенштейн іс-әрекет пен қарым-қатынастың әртүрлі үлгілерін тудыратын, көптеген “тілдік ойындар” тіршілік етеді деген түйінге келеді. Дәлірек айтатын болсақ шынайлыққа негізделген тіл, логикалық пайда болған құрылымға байланысты болмауы керек. Яғни шынайлыққа негізделген тіл адамзатқа құпия кемел тілмен мазмұндальп байй түседі және ондағы белгілер мен баламалар терең мәнге ие болып, шынайы өмір сезімдерін көрсетеді. “Тілдік ойынның” көпқырлылығын алға шығару, аналитикалық философияның постмодернизмнің негіздерін қальптастыруына әкеліп соғады.

Қалың оқырман қауым, білім, сенім, күмән және анықтылық мәселелері қарастырылатын Витгенштейннің соңғы жұмыстарының бірі: “Анықтылық жайында” еңбегінің үзінділерімен танысуға мүмкіндік алады. Ойшыл батыс дәстүрі барлық тарихи күмәнға ұшырамаған, мәңгілік мәннің

мызғымас аймағын, шешілмейтін мәселені шешуге ұмтылумен өтті деген қорытындыға келеді. Бірақ адамзат өмірі мәңгілік мәнге негізделген тіршіліктің болуы мүмкін еместігін қолдай отырып теріске шығарады. Дегенмен адам шынайы және өміршең тіршілігін жоғалтып алмау үшін, әрқашанда бақытты іздеуден қол үзбеу қажет. Сонымен қатар “ғаламның” негізгі сұрақтарына толыққанды: “жеткілікті, барлығын қамтитын, сенімді болатындай жауап беру мүмкін емес”... Сол себепті аналитикалық философияның ғылыми бейнесі классикалық емес үлгіде өзгереді.

Хайдеггердің шәкірті, заманауи философиялық герменевтиканың негізін салушы және өзіндік философиялық жолды анықтаған немістің атақты ойшылы Ганс Георг Гадамер (1900 жылы дүниеге келген) шығармалары, отандық оқырмандардың аса қызығушылығын тудыратыны сөзсіз. Ойшылдың шығармасында және ғылыми көзқарасында — тіл негізгі мәселе болып табылады. Ұстазы Хайдеггердің ізімен Гадамер түсіністік пен өзара түсіністік мәселесіне терең мән береді. Заманауи өмірдегі, қайшылық пен теке-тірестің өсуіне және руханилықтың жетіспеушілігінің сезілуіне байланысты, бұл тақырып сөзсіз жоғары сұранысқа ие. Г.Гадамер бойынша, түсіну таным әдісінің сұрағы ретінде емес, адам әлемінің болмысының амалының онтологиялық феномені ретінде баяндалады. Кеменгер ойшыл түсінудің шарттары мен құрылымын ашып, “герменевтикалық мәселесін” зерттеу әдістерін талдап, жаңа еуропалық дәстүрдің болу мүмкіндігіне қойылған күмәнді сұрақтарға жауап бере отырып қайта орнын толтырады. Яғни адамзат өміріндегі мәдениет, дәстүр және мән феномендеріне, салауатты өмір салтына әкелетін дұрыс философиялық жауап табылды. Демек түсіну, ұғыну шын мәнінде “тарихи үздіксіз көріністі” уақытша және ырғақты қамтыған.

Бұл бағыт бойынша тіл бірінші кезекте, барлық ойлау әрекетіне дейінгі алынған бүкіл-әлемдік тәжірибелерді білдіреді. Барлық философиялық мақсатталған сыни ой әлемінен бұрын, біз үшін осы уақытқа дейін талқыланып қойылған тілдегі әлем тіршілік етеді. Сонымен қатар тіл, өзара түсіністік пен диалогтың негізгі құрылымын ашатын, “герменевтикалық қатынастың ортасы” болып табылады. Философия адамның жалпы тілдегі бейнеленетін әлемдік және өмірлік тәжірибесімен әрқашанда қатынаста болады.

Философиялық ой, алғашқы дүниелік тәжірибені ары қарата ұйымдастыра отырып жалғастыру болып табылады. Философия “біз түсініп ұғатын тілдегі шабыттандырушы және түсінуден туатын қозғаушы қуатты аяғына дейін толыққанды түсінуге ұмтылады”. Философиялық герменевтиканың идеялары мен мақсаттары, күрделі және біркелкі емес мәселелерді теориялық талқылауды талап ететін және тілдік саясаттың мәселелері қызу талқыланатын, әсіресе, қазақстандық социомәдени мәтінде белсенді және маңызды түрде көтерілуде.

Қолдарыңызға берілген том, қазіргі замандағы атақты ойшылдардың бірі, ұтымды антропологияның негізін салушы, француз этнологы және философы Клод Леви-Строс (1908 жылы дүниеге келген) шығармаларының үзінділерімен аяқталады. Кеменгер философтың аты, XX ғасырдың екінші жартысындағы ең танымал бағыт постмодернизмге жол ашқан философиялық бағытпен байланысты. Леви-Строс “алғашқы” дәуірден бастап бүкіл адамзат тарихының негізінде жатқан, ұжымдық рухтың құрылымының бейсаналы іс-әрекетін айқындайтын, өз алдына философияда және адамзат өмірінде орасан зор орын алатын мәселені қойды. Ойшыл жүйенің әртүрлі бөлшектерінің өзара қатынасын талдаудан бейсаналылықты анықтауға болады деп есептейді. Ол классикалық емес философтарға тән қасиет бойынша, ғылыми дамудың ақыл-парасат пен ақиқатқа жақын тек өздерінің ілімі деп есептейтін, батыс дәстүрінің тәкаппарлығы мен өзімшілдігін теріске шығарады. Іргелі философ-ғалымдар, ақыл-парасаттылық пен логиканың шынайы және ақиқатты өмірге жақын қырынан көру үшін, басқа құрлыққа аттанды, яғни қазіргі замандағы өркениеттегі сақталып қалған “алғашқы қоғамды” зерттеулер. Орталық Бразилиядағы үнді тайпаларының мәдениетін зерттей отырып, адамзатты қажытатын жарыспалы дамудан қашқан және адамгершілік пен махаббатты жоғары бағалаған қоғамға ойшыл өз өмірінің көптеген жылдарын арнады. Леви-Строс батыстың ғылыми дәстүрі бойынша, маңызды және құнды мәселе болып есептелмейтін: дін, магия, мифология, тотемизм, тіл және қоғамды, керек болса туыстық-жыныстық қатынасты, философиялық тақырыпқа енгізді. Ол этнология саласында ұтымды лингвистиканың әдістерін қолдана отырып, еуроцентризм бағыты бойынша “қарапайым” және тұрмыстық ойлау барысы ақылға қонымсыз және логикалық талаптарға сай келмейді деген